



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 7 (157), 2021

Шілде

Июль

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006

года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. Жүсіпова

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы.....3

Р. Абисаликова

Абай шығармаларын оқытудың әдіс-тәсілдері.....7

Ш. Бакеева

Ұстаздардың ұстазы еді.....10

Е. Кәп

Студенттерді рухани-адамгершілік негізінде тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің құндылықтары.....12

З. Жұматаева

Халық даналығына баулуда мақалдар мен мәтелдердің тәрбиелік рөлі.....14

Т. Козлова

Инновационный образовательный проект «Семейные ценности»17

А. Абулова, А. Кутубаева

Мир человеческих отношений19

А. Оспанова

Кірігіе арналған алмалар24

Н. Муханбеткалиева

По одежке встречают.....27

Ж. Кожамкулова

Слово о подруге... Гуля, Гулечка, Гульнара32

С. Алибаева

Глагол. Времена глагола37

М. Каляскарова

Квадраттық функция41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
10.07.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 10.07.2021 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,


8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы

I. Кіріспе

Өздеріңізге өз тәжірибемнен «Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы» тақырыбындағы жүргізілген жұмыстар туралы ғылыми-педагогикалық көзқарастарым мен бірнеше жыл қатарынан класс жетекшілікті атқару кезіндегі жүргізген жұмыстарымды, әрекеттерімді пайдасы тиер деген мақсатта жазып отырмын. Патриоттық тәрбие — түйінді мәселелері көп, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, көп ізденуді талап ететін үрдіс деп баға бергім келеді. Патриоттық тәрбие беру бағытындағы жүргізілетін жұмыстың түрлерін шығармашылықпен түрлендіріп, дамыта отыра пайдалану өз нәтижесін берді. Педагогикалық оқудың бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірін қозғап тұрғандығына сәйкес, құқықтық мемлекет іргесін қалаушы оқушылар мен олардың ата-аналарына «Жас ұрпақты осы бастан Отанына, атамекеніне шын берілгендік-патриотизм рухында тәрбиелеу» деген тақырыптың ауқымында дөңгелек стол, пікір алысу, тәрбие сағаттарын, сауалнама өткізсем, болашақта мұнан да мазмұнды жұмыстармен толығады деп ойлаймын. Сабақ беретін және жетекшілік ететін 3«б» класында патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік, өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық

ерекшеліктеріне тән ерекше тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланыстылығына ашық сабақтар мен тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар жүргізу арқылы көңіл бөлемін. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажеттігін «Абайды оқы, таңырқа» атты ашық тәрбиелік іс-шара Абайтану сабағында жүзеге асырдым деп ойлаймын, себебі бір ғана Абай бейнесі, шығармалары, аудармалары арқылы, әр оқушының өз жеріне, отандастарына сүйіспеншілік, орыс достары арқылы халықтар арасындағы достық қарым-қатынастың патриоттық тәрбие берудегі таптырмас құрал екендігіне көз жеткіздім.

II. Негізгі бөлім. Жас ұрпақты ерлікке, мәрттілікке, ұлтжандылыққа үйрету — патриоттық тәрбиенің негізі.

Оқушылардың жаңа ұжымын қабылдап алған сынып жетекшісі, әлбетте, ең алдымен балалардың жанұядағы тәрбие жағдайларын зерттейді. Қажет болған жағдайда ата-аналарымен тығыз байланыста болып, үй жағдайларын жете зерттеуі тиіс. Оқушылардың күн реттелімі мен жанұядағы еңбек міндеттерінің орындауына ата-аналардың қалай қарайтынына, балалардың сабақ даярлайтын орны мен шағын кітапханасының бар-жоғына санитариялық-



гигиеналық талаптардың орындалуына, оқушының бос уақытын қалай өткізетініне айрықша назар аударамын. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру бағытындағы жүргізілетін жұмыстың теориялық мәселелерін сөз еткенде, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін мысалға алуға болады. Ерлік барлық жанға қажетті категория. Олай дейтініміз,

Б. Момышұлы: «Ерлік – өзінің ең жаман мінез-құлқын жеңе білу», - деген тұжырым жасаған. Міне, мұндай асыл қасиеттерді қазақ ата-аналары өз отбасында тәрбиелеп, өз еркімен дамыта аларлық дәрежеге жеткізген. Осы қағиданы басшылыққа ала отыра, ата-аналардың өз уәдесінде тұру, өз кемшіліктерін мойындау да ерлік іске жататынына мысалдар келтіреміз. Ата-аналардың отбасындағы сыйлас-тығы, әдептіліктері баланың іс-әрекетінен, сөйлеген сөзінен байқалып тұратынын әр кездесуде ата-аналардың есіне салып отырудың еш артықшылығы жоқ. Тіршіліктегі барлық нәрсенің бір-бірімен сабақтас болғаны сияқты, баланың бойындағы, әдетіндегі небір жақсы, жаман қасиеттің негізі – ата-анасы. Ананың, тәрбиешінің, ұстаздың шеберлігіне қарай бала бойындағы ұстамдылық, ұқыптылық, нәзіктік, кішіпейілділік қасиеттері қалыптасса, әке арқылы еңбекқорлық, батылдық, адамгершілік, азаматтық, табандылық мінезге ие болады. Сондықтан да оқушылардың бойындағы адамгершілік қасиеттердің патриоттық тәрбиенің бастауы екеніне көңіл бөлеміз. Ата-аналармен әңгіме, жиналыс өткізу ке-

зінде әр ата-анаға оның баласын қандай деңгейде, қандай қасиеттерімен көргім келетіндігіне басты назар аударамын, ол үшін әр ата-анаға баланың жанында үнемі болмасаңыз да, сіздің бейнеңіздің бала үшін қандай маңызы бар екендігіне көздерін жеткіземін. Себебі, кез келген бала үшін оның ата-анасы қандай болса да, сол күйінде оны жақсы көріп, аяушылық көрсететінін алысқа бармай-ақ, тастанды балалардың жүрек жарды лебіздерінен байқауға болатынын түсіндіріп отырудың еш артықшылығы жоқ. «Өз еліңнің нағыз патриоты дегенді қалай түсінесің?» деген тақырыптағы пікір алысу кезінде көп ата-ана өз ойларымен бөлісе білді.

Қазіргі кездегі педагогика бойынша патриоттық тәрбиенің қайнар көзі халықтың береке-бірлігінде, ынтымақ-ықыласында, елдігі мен ерлігінде екендігінде ешкімнің дауы бола қоймас. Олай болса, әрбір ата-анаға осы жүйені ғылым және өнер ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Патриотизмнің әдіснамалық негізін айқындауда психологиялық, философиялық, педагогикалық тұрғыда зерттеу барысында әр кезеңде туындаған патриотизм ұғымына талдаулар жүргіздім.

1. Патриот – Отанын сүйетін, оның байлығын қорғайтын, отансүйгіш, отаншыл азамат.

2. Патриотизм – адамгершілік және саяси принцип, сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш.

3. Патриотизм – тұлғаның бойындағы Отан үшін қызмет етуге дайын, шын



берілген, Отанға деген сүйіспеншілік қасиеті;

4. Патриотизм — адамның туа біткен, биологиялы қасиеті емес, ол-әлеуметтік, тарихи қалыптасқан, отанға деген сүйіспеншілік сезім, ол Отанға қызмет етуден көрінеді;

5. Бүгінгі жаһандану процесі тұрғысынан алатын болсақ, патриотизм ұғымы — халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілік сақтау үшін барлық күш-жігер жұмсау.

Жоғарыда берілген анықтамаларды сараласақ, әр кезеңде де патриотизм ұғымы Отанға деген сүйіспеншілік тұрғысынан қарастырылады. Қазақ тарихын зерделеу барысында олардың табиғаты, әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты патриот халық екендігін айқын аңғаруға болады. Бұны қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Ш. Уәлиханов жақсы зерттеген және өзінің патриотизмге берген тұжырымдамасында жақсы берілген. Біз бұл тұжырымнан патриотизм отбасынан бастау алып, әулет, тумаластарға деген сүйіспеншіліктен барып халыққа деген махаббат екендігін білсек. Сондықтан, ата-аналармен класта әулет және тумаластармен қарым-қатынас сабақтарын жүргіземіз. Ол үшін алдымен ата-ананың осы тақырыпқа сәйкес іс-әрекеттеріне арналған тренингтер, оқушылар мен ата-аналардың бірлесіп өткізген отырыста мұғалімнің де, ата-ананың да осы бағыттағы жұмыста көмекке зәру екендігі көрініп, ұлтының әдет-ғұрпын, салтын сақтау-

дың отбасынан бастау алатындығына көз жеткізілді. Оқушының еліне деген сүйіспеншілігі, патриоттық құндылық ана сүтімен даритын киелі ұғым екендігіне «Отан-отбасынан басталады» атты отырыста ұтымды ойлар айтылды. «Патриотизм» ұғымын Ата-ана, оқушылар, мұғалім төмендегідей кестеге түсірді:

Мұғалім	Ата-ана	Бала
Бүгінгі, өткен тарих.	Сыйластық.	Жақсы оқу.
Отбасы, мектептің ынтымақтас-тығы.	Ата тегін білу.	Спортпен айналысу.
	Тыныштық.	Әдептілік.
Өз халқының, елінің тәуелсіздігін аянбай қорғау.	Достық қарым-қатынас.	Шындықты айту.
	Салт-дәстүрді білу.	Елінді сүю.

Бұл кесте бойынша мынадай қорытынды жасалды: Қазақстан халқының бойындағы патриотизм рухын жетілдіруде ел президентінің «Ұлттың болашағына, оның өзіндік «Мен» дегізерлік қасиеттерін сақтау мүмкіндіктеріне сеніммен қарау керек» деген сөзінен, баланың өздігінен дұрыс шешім қабылдап, өз-өзімен жұмыс жасауына негіз салатын ата-анасынан көрген үлгісі мен тәрбиесі екендігін пікір алысу ар-



қылы дәлелдедік. Кластағы 20 оқушының, 18-і толық отбасынан болса, 1 толық емес, 1 жетім бала. Ата-аналардың әр жанұяға есептегенде біреуі жұмыспен қамтылған, көпбалалы 2 ата-ана, қалған жанұяда 2-3 баладан, ата-аналардың орташа есеппен жас шамасы 20-22 жас аралығында осындай мүмкіншілікті пайдалана отыра, ата-аналар арасында «Отан игілігі мен мүддесі дегенді қалай түсінесіз?» тақырыбында сауалнама жүргіздім. Ата-аналардың бір бөлігі сұраққа жауап берсе, бір бөлігі қиынсынатынын айтса, айтатын ештеңесі жоқ болғандар да табылды, себебі бойындағы күш-қуаты мен білімін дұрыс арнаға бұрмаудан екендігі анықталды.

Мектеп — халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттерін жас жеткіншек бойына сіңіретін орта болса, ата-бабадан қалған өшпес мұра, мол қазынаны қабілеті жоғары ұрпақтың бойына дарыту — ата-ананың міндеті екендігін әр ата-ана түсініп, өз жауапкершілігін сезінуін қамтамасыз ету — бүгінгі күннің талабы деп түсінуіміз қажет.

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін, жан-жақты білу керек», - деген белгілі педагог К. Ушинский. Сол айтпақшы, оқушыны жан-жақты білу үшін мұғалімге ең алдымен көмекке келетін ата-ана екендігін әрдайым түсіндіріп отырамын. Ата-ана ел болашағы үшін қажетті, маңызды міндеттерді арқалаған, жауапкершілігі зор, бейнеті бел қайыстыратын күрделі және қажетті орта. Оның мәселелері де сан саналы, сан қилы. Ата-ананың мектеп-

пен бірлескен қимылының арқасында ғана нәтижеге жетеміз. Ата-аналар — халықтың бір бөлшегі. Халық дегеніміз — адам. Адамды сүю оған жақсылық жасау — патриоттық тәрбиенің ажырамас бөлшегі.

Ендеше, ата-аналармен бірлесе отыра, ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға арналған шаралардың алатын орны ерекше екендігіне іс-тәжірибемде көз жеткіздім. Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлттық патриотизмнің басты көрінісі — қазақтың ана тілінде сөйлеуі, балаларына ұлттық тәрбие беруі, ұлттық мінез, жүріс-тұрыс әдетін қалыптастыру. Ізет, құрмет, қайырым, мейірім тағы басқа сезімдерін дамытуы мектеп пен ата-ананың сабақтастықтағы жұмысының нәтижесі екендігіне күнделікті жұмыста көзіміз жетіп отыр.

III. Қорытынды. Патриотизм — өзінің мәдени ортасына деген сүйіспеншілік.

Назарларыңызға ұсынылған тақырыптағы мәселелер бойынша бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі патриоттық тәрбиенің алатын орнына ерекше мән берілді деп есептеймін. Мектепте тәрбиенің белгілі бір мақсаты болмаса, онда жүйелі жұмыс жүргізу мүмкін емес. Тәрбие жүйесінің негізгі қозғаушы күші — сынып жетекшісі және ата-ана. Бала өмірінде еліктеудің маңызын аша келіп, «үлкен кісі не істесе, бала да соны істеймін деп талпынады», сондықтан тәрбиенің басты мақсатының бірі — «жетіліп, өсіп келе жатқан баланың балдырған табиғатына азық беру,



әуес қылған нәрсесін тәжірибе еткізу» деп ойлаймын.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барысындағы жетістіктерім мен кемшіліктер арқылы одан сабақ алып, жинақтаған тәжірибелік жұмысымдағы келтірілген әрекеттерді сіздердің де жұмыстарыңызда бұдан да тиімді етіп,

пайдаланасыздар деп ойлаймын.

Айман ЖҮСІПОВА,
А. Құнанбаев атындағы №2 қазақ
орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Екібастұз қаласы,
Павлодар облысы.



Абай шығармаларын оқытудың әдіс-тәсілдері

Аннотация: Білім беру саласын жетілдіруде Абайдың мұраларын насихаттау, оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру үздіксіз жүзеге асатын үдеріс болуы тиіс. Осы тұрғыда Абайдың қара сөздерінің мәнін ұғындыру, оны бүгінгі мақсат-міндеттермен кіріктірудің жүйелі жолдарын енгізу қажет.

Түйінді сөздер: Абайдың қара сөзі, оқу тәрбие үдерісі, оқытудың әдіс-тәсілі.

Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз. Ол туралы айтылар сөз, жасалар істер әрқашанда өз арнасын табуы тиіс. Абай өлмес мұра қалдырды, оны алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту — біздің парызымыз.

«Білім алу — батылдық, оны толықтыру — даналық, ал шебер қолдана білу — өнер» - демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі — мемлекетіміздің басты саясатының

бірі. Білім мен ғылымның ел дамуына оңтайлы әсер етуі үшін демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан ұстаз іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру — бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мұғалім өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс. Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу — ХХІ ғасырдың басты талабы.

Осы орайда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында жүктелген міндетке сәйкес елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылар шаралар-



дың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз — жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына жас ерекшелігіне қарамай ілесіп отыруы, адам жасына, мамандығына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың философиялық — әлеуметтік ой пікірі, Абай тағылымдары, Абай мұралары — білімінің де, тәрбиенің де нағыз көзі.

Абай шығармаларын жаңартылған білім беру мазмұнында оқушыларға меңгертудегі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану. Сол сияқты оқушының белгілі бір мазмұнды меңгертудегі танымдық әрекетіне лайық іздемпаздыққа жетелер, яғни зерттеуге арналған әдістер де бар. Ол оқу танымдық әрекеттің ұйымдастырылу әдісі; оқу танымдық әрекеттің тиімділігін тексеруге және өзін-өзі тексеруге арналған әдістер. Тек әдістердің қолданылуында және мұғалімнің осы әдістердің қай қайсысын таңдауын да басшылыққа алып, қатты ескеруінің өлшемі мыналар болу керек. Олар: қолданылатын әдістің оқу мақсатына сәйкестігі; оның оқуда көзделетін бағалау критерийлеріне сай

келетіндігі; сабақ мақсатына жете алатындай болуы; оқушының оқу мүмкіндігіне сәйкестігі: (жас, психикалық жағынан); сынып ұжымының ерекшелігі;

Ақынның дүниеге келгеніне бір жарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармалары мен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының өміріндегі қай бұрылыстар мен қай құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық болып қызмет етіп келеді.

Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Ана сүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ақын сөзі оның санасына адамдық пен адамзаттықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді».

Абай көптеген ғылым салаларынан хабардар болғанын, олардың көбінің тереңіне үңіліп, асыл маржанын тергенін, өмірден көрген — білгенімен сабақтастыра өлеңге айналдырғанын шығармалары арқылы айқын аңғартады. Бұл мәселе туралы Абай:

Базарға қарап тұрсам, әркім барар
Іздегені не болса, сол табылар...
Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас, бұл сөзді біреу ұғар,

Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар, - дейді. Мұғалім әрбір оқытқан жаңа материалды оқушыға қабылдау, меңгертуде, біріншіден дидактикалық принципті сақтауы керек болса, екіншіден, оның бұрыннан бар тәжірибе-



сін пайдалану керек дегенді үнемі есте тұту қажет.

Оның үстіне «қабылдау оқушының шындық болмысты одан әрі тануының қуатты құралы болуы үшін оның дамуы жалғасуға тиіс». Оның қуатты құрал болуы үшін қажетті жағдай жасау — мұғалімнің міндеті болып табылады.

Бүгінгі күні дамыған технологияға негізделген әр түрлі жаңа әдістер көп айтылып жүр. Соның бірі — оқытудың инновациялық әдісі. Бұл әдістің ерекшелігі бұрыннан танымал әдістерді негізге ала отырып, оқушы қызығушылығын арттыру, оқушы еркіндігін, белсенділігін туғызу, сезім күйіне жағымды ықпал ету болып табылады.

Абайдың «толық адам» теориясында да шешуші фактордың жүрек болуы тегін емес. Жүректің қасиетін ақын мейлінше жарқырата көрсетеді: «Мен — адам денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын — мен, жақсылыққа елжіреп еритұғын — мен, әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады» — дейді.

Шындығында, адам әрекетін реттеуші, шешуші қызмет атқаратын — адамның сезімі, яғни жүрегі екен. Ендеше, білім беруде, жас буынды тәрбиелеуде нәтижеге жеткізер басты жол адам сезімін тәрбиелеу, әсер ету, түйсіндіру болу керек дейміз. Жас ұрпақ тәрбиесіндегі Абайдың өзі ұсынған жолда тиімді әрекет ету үшін сезімге ықпал етудің бір жолы, осы мақсаттағы мазмұнды оқытудың бір түрі эмпатиялық диалог «әңгіме — сұхбат» жүргізу.

Абай — қазақ әдебиетінің ғана

емес, бүкіл қазақ халқының рухани нәр бұлағы, жан азығы, болашағының адастырмас темірқазығы. Абай сөзі — халқымыздың өткен тарихын, рухани мұрасын танытумен бірге, бүгінгі және келешек өміріміздің де бағдаршамы, ақ жолы, ғибратты ұстазы, Абайды оқу, одан рухани нәр алып, жан әлемін байыту арқылы қазақ елі, адам баласы әділетті, адал ғұмыр, бақытты заман бесігіне бөленері хақ. «Абай деген — терең теңіз, алып мұхит, ал мен оның бетін ғана қалқыдым». М. Әуезов айтқандай, Абайды тану мәңгілік толастамас асыл мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т. Әділханов Абай өлеңдерінің білімдік, тәрбиелік мәні. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994;
2. Ә. Бөкейханов Абай Құнанбаев. Абайды оқы, таңырқа. — Алматы, 1993;
3. А. Есенжолова Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістемелері. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1993;
4. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. — Алматы: Рауан, 1997;
5. Т. Мейірманқұлова. Жаңа инновациялық технологиялар. — Алматы, 2005;
6. Д. Омаров Ұлылар үндестігі. — Алматы, 2015;
7. Ғ. Есімов Хакім Абай. — Алматы. 1994.

**Раушан Каиржановна
АБИСАЛИКОВА,
Павлодар мемлекеттік технологиялық
колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы.
Павлодар қаласы.**



Ұстаздардың ұстазы еді...



**Шәрбану
БАЕКЕЕВА,
Қазалы аграрлы-
техникалық
колледжінің
әдіскері,
Қызылорда
облысы.**

(Сыр елінің мақтанышы — Кұлбарам Сәдуақасқызын еске алу)

Кұлбарам Сәдуақасқызы!!! Бұл есімді Сыр елінде танымайтын адам кемде-кем шығар. Бар өмірін білім және ғылым саласына арнаған ұстазым туралы қай уақытта да ауыз толтырып айтуға болады.

Кұлбарам апай туралы ойлаған сайын, көңілім құлазып, еріксіз қолыма қалам алдым.

Мен Кұлбарам Сәдуақасқызымен 2011 жылдың көктемінде таныстым. Ол — Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан ПҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әли Мүсілімұлының 70 жылдығына арналған «Сапалы білім беру — Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілген күн болатын. Конференцияға «Кәсіптік лицейде Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыруды ұйымдастыру» тақырыбында баяндамасын ұсынғанбыз. Осы конференцияның ашылуында шараның ұйымдастырылуына мұрындық болған ғалым — ұстаз Кұлбарам Сәдуақасқызы Сыр өңірінің білім саласында ойып тұрып орын алатын аяулы ұстаз, марқұм Әли Мүсілімұлы ту-

ралы естелік айтып, отбасының атынан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінің ректоры Байзақ Көпірбайұлы Момынбаев пен конференцияға қатысушыларға шынайы алғысын білдірді. Конференцияға келіп түскен көп баяндаманың бірі — бұл жұмысымызды алғашқылардың бірі іс-тәжірибемізді ортаға салдық. Әділ қазы алқасының мүше-

лері баяндамаға ТЖКББ саласының тәрбие жұмысын жүргізуге тың идеялары бар деп жоғары баға берді. Секция отырысына қатысып отырған Кұлбарам Сәдуақасқызы бұл жұмысты «Қазақстан мұғалімі» газетіне де ұсынуға болады деп мақтағаны сонша, үйге



келе сала бұл мақаламды аталмыш газетке жолдап жібердім. Көп ұзамай бұл баяндамам «Тәрбие тұжырымдамасын іске асыру» тақырыбымен «Қазақстан мұғалімі» республикалық газетінің 2011 жылғы 30 тамыздағы №19-20 санында жарық көрді.

Қазір есіме алсам, бұл менің ең алғаш облыста қатысқан ғылыми-тәжірибелік конференциям және ең алғаш республикалық басылымда жарық көрген мақалам екен. Осы шара менің мұнан кейінгі конференцияларға қатысуыма, мақалаларымды үнемі баспасөзге ұсынып отыруыма жол салды. «Жақсыдан шарапат» деген осы болса керек. Қазақстан педаго-



гикалық ғалымдар академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әли Мүсілімұлының 70 жылдығына арналған «Сапалы білім беру — Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізі» атты республикалық ғылыми — тәжірибелік конференциясына қатысқаным үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінің ректоры Б.К. Момынбаевтың Алғыс хаты мен Мүсілімовтер отбасының әрбір қатысушысына арналған ескерткіш сыйлығын алып қайттым.

Күлбарам Сәдуақасқызы сол уақыттан өмірінің соңына дейін менің ақылшы ұстаыма, ұстаздық жолымдағы бағдаршамыма айналды. Апай туралы айтсам делебем қозып әрбір айтқан сөзі мен ақылдары есіме түсіп, жанымда жүргендей күй кешемін.

Сонау Советтік дәуірде дүниеге келген адамдар адамгершілікті бірінші жолға қоятын гуманистік тәрбиедегі жандар. Апай ғылымды үйретпес бұрын, адамды ортаға бейімдеп тәрбиелейтін. Адамдық сабағын бойыма егіп кеткен ұстазымның мен үшін шоқтығы биік.

Аймағымыздың болашақ ұстаздарына ғана емес, республика көлеміндегі болашақ ұстаздарға дәріс оқып, апай жиі іссапарда болатын. Сонда апай сексеннің ауылына жақындап қалса да, елдің баласына білімнің нәрін септі, ғылым жолына құштар білімпаздарға жол сілтеуші болды. Осы жасқа келіп электрондық ортақ пошта ашып, таратып жүретін. Оның ішінде Әнипа апай екеуі дайындаған есептер, тест тапсырмалары, олардың шығарылу жолдары түсіндірілген нұсқаулықтар болатын. Қазір мына қашықтан оқыту басталғалы, апайлардың осындай ерлікке пара-пар істерін, нағыз осы кезде керек әдістеме деп ойлап жүрмін. Ал көзі қарақты ғалым ұстаз оны осы қашықтықтан

оқыту технологиясынан бұрын бастап еді-ау...

Маған түрлі конференцияларға қатысуға, баспасөзге жиі мақала жазып тұруыма кеңес беріп отыратын. Апай екеуіміз шығармашылық айдынында әңгімелесіп, рухани күш-қуат алатынмын. Таңертең жұмысқа бара жатсам да, бірінші хабарлама жазып, жұмысыма сәттілік тілеп, жұмыстарыма бағыт-бағдар, ақыл-кеңес беріп отыратын. Түрлі гүл шоқтары бар суреттер жіберіп, мен мына өленді тыңдап отырмын, сенде тыңдашы деп отыратын апайым енді арамызда жоқ деп айтқым келмейді.

2021 жылдың 8 наурызы күні. Иә, бұл күні демалыс болған соң ұзақ ұйықтаппын. Тұрсам түс ауып кетіпті. Неғылған пілдің ұйқысы дерсіз?! Бірақ өзім ұйқыдан оянсам да, көңілім ұйқыда. Сол бір түсім өңіме айналса екен деп тілеп жаттым. Апай түсіме енді. Күндегі әдетінше таңертең хабарлама келіп, мен хабарламаның дауысынан оянушы едім. Сонда ойлайтынмын, мені таңертең оятатын адам жоқ, жұмыстан қалып қоймасын деп жатыр ау деп. Ал бүгін бәрі басқаша. Төсегімнің жанына кеп оятып тұр. Өңім бе, түсім бе?! «Апай Сіз дүниеден өтіп кетті деп жүрмін ғой, Сіз кеткелі қалам ұстамай кеттім, шығармашылығым тоқырап, көңілім жалғызсырап кетті» - деп, тоқтамай апай кеткелі бірнеше айдан бері айта алмай қалған әңгімемді қарша боратып жатыр екенмін. Апайым бір — ақ ауыз сөз айтты да ғайып болды: «Сен шабыттың адамысың, сен жаз, сенің жазғаның елге керек. Шығармашылығың бір жағында жүрсін». Иә, ұстазым желеп-жебеп жүр екен ғой. Апайды шәкірттері жүз күн емес, бір жыл емес, мәңгі іздейді.

Талай шәкірттің жүрегінен жол тапқан ұстазымыздың орны күн өткен сайын асқақтайды. Енді елдің қолында апайдың көз майын тауысып, ғылым саласына



қалдырып кеткен оқулықтарымен, оқу-әдістемелік құралдарымен, электрондық кітаптарымен еске аламыз. Бұл құнды дүниелер болашақ мамандардың қолында қолдан қолға түспей ұрпақтан ұрпаққа жете береді.

Менің осындай ұстаз болып қалыпта-суыма жетелеген ұстазымның есімі мәңгі жүрегімде.

МЕН СІЗГЕ ӨМІР САБАҚТАРЫҢЫЗ
ҮШІН МӘҢГІЛІК ҚАРЫЗДАРМЫН,
АСЫЛ ДА, АРДАҚТЫ ҰСТАЗЫМ!

Студенттерді рухани-адамгершілік негізінде тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің құндылықтары

Қазіргі таңда заман ағымына орай, ақыл-ойы озық, білімі мен ұлттық рухы күшті, өзін еркін ұстайтын тұлға тәрбиелеу — бүгінгі күннің талабы. Ұрпағымызға өнегелі тәрбие беруде, білім мен өнерге деген құштарлығын арттыруда өз халқының беделін көтеріп, барын бағалап, жоғын жоқтауына ата-бабаларымыздың тәлімдік тәрбиелері, ғұлама-ойшылдарымыздың ой-толғамдары мен ұстанымдарының ықпалы зор.

Жоғары оқу орындарында оқитын студенттер — болашақ мамандар, олардың тәлім-тәрбиесімен мектепке дейінгі, мектеп қабырғасындағы ұстаздар, ата-аналары ғана айналысуы керек деген ұстаным дұрыс емес деп ойлаймын. Себебі, адамның тәрбиесі — ол білім алу сияқты өмір бойы жүретін үздіксіз үдеріс. Оны бір адамның мойнына аса алмаймыз, ол бүкіл қоғамның міндеті деп ойлаймын. Ал қоғам дегеніміз сіз бен біз. Біздің өзара ортамызда өзімізді қалай ұстайтындығымыз өз қоғамымызды құруға мүмкіндік береді.

Тәрбие — білім өзегі болғандықтан,

сынып жетекшісі, тәрбиеші мен отбасы байланысы тығыз болуы керек. Сыныптағы жиналыстарға ата-аналар үзбей қатысып, ата-анаға қажетті дәрістерді ұстаз-тәрбиешіден үйренуі өте маңызды.

Тәрбие ісінде ғалымдардың зерттеуінше қазақ халқы отбасында басты жеті түрлі мәселені қамтыған.

Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әке-шеше баласына «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, олар баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға үйреткен. Төртіншіден, өнегелі ұстаз-тәрбиеші мен көпті көрген қарияның сөзін тындап, бойына сіңір деген. Бесіншіден, үлкенді, ата-ананы сыйлап, құрметтеуге үйретуді басты міндет етіп қойған. Алтыншыдан, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін, кемдігін бетіне баспайтын әдепті азамат бол деп үйреткен. Жетіншіден, ел қорғаған батыл бол, халық алдында қызмет ет деп айтқан.



Міне, жастар ұлттық салт-дәстүрдің бәрін ықыласпен қабылдап, ата-салтымыз — үлкенді сыйлап, кішіге құрмет көрсетер, қыз баланы әлпештеу тәрізді асыл дәстүрімізді, үлкен тұрғанда кіші сөйлемейтін озық өнегемізді, ұлттық психологияны — сабырлы, төзімді болу, сөздің ақырын күтер қасиеттерімізді қайта тауып, табысып жатса, ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы кеңіп, халықтық салт-дәстүріміз қайта жаңғырар еді демекпін.

Ұлттық тәлім-тәрбиесіз ұлттық намыс болмайды, ал ұлттық намыссыз жеке тұлғаның өркендеуі мүмкін емес, осы орайда ұлы ойшыл ғұламаларымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына сүйенбеу мүмкін емес. Ендеше, ойшылдарымыздың ой тебіреністеріне назар аударсақ, Ж. Баласағұнның «Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған, жақсы, жаман болса бала — солардан». Яғни, ата-ана да адам, сондықтан олардың да қателесетін ағаттық жіберетін кездерін еске салады. Және де «Арсыз — адамның қоры, Адам өз атын кісілікпен көтереді», деген сөзінде Ар адамның ең асыл қасиеті, сондықтан абыройдың төгілмеуін тілейді. Абыройына дақ түссе, жан азабын шегеді, қорланады.

Бүгінгі жаһандану заманына ғылым мен білімнің өркендеген кемелденген шағында Ж. Баласағұнның «Артық кетсе — түйсік түзер хал-жайды. Ел бүлінсе — білім түзеп талмайды» деген кемелденген елдің болашағын ойлайтын ұрпақтың саналы білімді, өнегелі болуы туған жерін, тілін дінін тарихын көзінің қарашығындай сақтауы керек. Сонымен қатар Ж. Баласағұнның зерделі ойларындай М. Қашқаридің де

келешек санасында саңлауы бар, өсіп келе жатқан әрбір жеке тұлғаларымызға психологиялық ой түрткі боларлық асыл сөздері жетерлік. Әдет және тәрбие тұрғысында «Түріне қарама, тәрбиесіне қара» деп әр нәрсе тәрбиеден басталатынын, тәрбие мен адамның құндылығын, нәзіктігін адамгершілігінен көруге болады.

Қазақ зиялыларының бірі Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиедегі мақсат — баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару», — деп айтуы балалар тәрбиесінде ата-ана, ұстаз-тәрбиеші алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғанын дәлелдейді.

Түйіндей келе, жоғарыда айтылған ұлы ойшылдардың ғибрат, нақыл сөздерінің астарына үңіле отырып, жақсы мен жаманның не екенін психологиялық тұрғыда жан-жақты өмір өлшемдеріне сүйене отырып, ой таразысынан өткізіп, өздеріне рухани байлық алуға, ойларын тұжырымдай білуге тәрбиелеу.

Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі — болашақ қоғам бейнесін жарқын етудің бірден-бір жолы және ол уақыт күттірмейтін өзекті мәселе. Ұстаздар қауымы мен ата-аналар осы мәселеге немқұрайлы қарамаса деген үмітім бар.

Естай КӘП,
Қазақ инновациялық
гуманитарлық-заң
университетінің 2-курс магистранты.
Семей қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы.



Халық даналығына баулуда мақалдар мен мәтелдердің тәрбиелік рөлі



**Зибагүл
Жұмағалиқызы
ЖҰМАТАЕВА,
Ы.Алтынсарин
атындағы Рудный
әлеуметтік -
гуманитарлық
колледж оқытушысы.
Қостанай облысы.**

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға мақал мен мәтелдің айырмашылығы, шығу тарихы, ерекшелігі жөнінде мәлімет беру, халық даналығына баулуда мақалдар мен мәтелдердің тәрбиелік рөлін меңгерту;

2. Мақал-мәтел жарыстары арқылы мақал-мәтелдерді дұрыс, орынды қолдана білуге баулу, түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;

3. Таза, әдеби тілде сөйлеуге, сөз өнерін қадірлеуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Пән: Балалар әдебиеті.

Топ: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы, I курс.

Сабақ типі: аралас сабақ.

Сабақ түрі: дәстүрлі.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, ағылшын тілі.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, баян-

дау, ойландыру, салыстыру, көрнекілік, шығармашылық жұмыс, Венн диаграммасы, т.б.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу, сабақ мақсатын хабарлау.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Төрт түлік мал туралы өлеңдердегі халық даналығы.

1. Төрт түлік малдың қазақ халқы өміріндегі орны.

2. Төрт түлік мал туралы өлеңдер, мәні.

3. Жатқа айту, талдау.

4. Мақалдарды талдау, мағынасын ашу.

А) Бір түлікке бай болғанша, Әр түлікке сай бол.

Ә) Малдың жайын баққан білер, Оттың жайын жаққан білер.

III. Жаңа сабақ.

1. Дәйексөзбен жұмыс.

Талда: Мақал — сөздің мәйегі.

Мәйек — жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын ұйытқы ашытқы. Айран мен сүзбені сүт қышқылды бактериялар арқылы, яғни мәйек қосу арқылы ұйытқы жасауға болады.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде майе — мән; негізгі бастама мағынасында беріледі де, парсы тілінен деп белгіленеді.

2. Мәтінмен жұмыс. (топпен жұмыс)



I. Мақал мен мәтелдің айырмашылығы, шығу тегі;

II. Мақал-мәтелдердің зерттелуі;


III. Халық даналығына баулуда мақалдар мен мәтелдердің тәрбиелік рөлі.

(Әр топ өзіне берілген мәтінді оқиды, талдайды, басқа топ оқушыларына түсіндіреді)

IV. Мақал жарыс.

1. «Жалғастыр»

1. Жақсы сөз — ... (жанға ырыс).
2. Икемді тіл — ... (унеден өтеді).
3. Ата-ананың сөзі — ... (ақыл-кеңес көзі).
4. Ел ағасыз болмайды — ... (су сағасыз болмайды).



5. Елінен безген ер оңбас, ... (көлінен безген қаз оңбас).

6. Ер қадірін білмеген, ... (ел қадірін білмейді)

7. Жақсы байқап сөйлер, ... (жаман шайқап сөйлер)

8. Ер елінде — ... (гүл жерінде)

9. Ағашты жемісінен таниды, ... (адамды ісінен таниды)

10. Азды аяған ... (көптен құр қалады)

11. Сөз атасы — құлақ, ... (су атасы — бұлақ)



2. «Әрі қарай, әрі қарай...»

(сөзді тауып, қазақша, орысша, ағылшынша айту)

1. Ашу дұшпан, ақыл – (не?) (Дос – друг – friend)

2. Жердің сәні – егін, (кімнің?) сәні – білім. (Ел – народ – people)

3. Өмір үлкен – (не?) (Мектеп – школа – school)

4. Кітап – (қандай?) қазына. (Алтын – золото – gold)

5. Күш – білімде, (не?) – кітапта. (Білім – знание – knowledge)

6. (Кімді?) ұлы әкедей сыйла. (Ұстаз – учитель – teacher)

7. (Не?) адамның екінші анасы. (Еңбек – труд – labour)

8. Асыл таста, (не?) жаста. (Білім – знание – knowledge)

9. Немере етін жеп, (несін?) береді. (Сүйек – кость – bone)

3. «Аналогия»

А) орысша – қазақша

1. Внешность человека бывает обманчива. - Адамның сырты алдамшы.

2. Добрые слова – половина счастья. - Жақсы сөз – жарым ырыс.

3. Человек без родины, соловей без леса. - Отансыз ұл, ормансыз бұлбұл.

4. Глаза боятся, а руки делают. - Көз – қорқақ, қол – батыр.

5. Жизнь – самая большая школа. – Өмір – үлкен мектеп.

ә) қазақша – орысша

1. Не эксең, соны орасың. - Что посеешь, то и пожнешь.

2. Шегірткеден қорыққан егін екпес. - Волков бояться – в лес не ходить.

3. Тарыға май көптік қылмайды,

күрішке су көптік қылмайды. - Масло кашу не испортишь.

4. Ұста пышаққа жарымас. - Сапожник без сапог.

5. Істемеген тістемейді. - Кто не работает, тот не ест.

4. «Кім тапқыр?». (Суреттегі тақырыпқа сәйкес мақал-мәтелдер айту)



Оқу, білім достық бірлік

V. Шығармашылық жұмыс

1. «Мақал – сөз атасы» тақырыбына эссе жаз;

2. Мақал-мәтелдерді пайдаланып, көршінді сипатта;

3. Мақал құрастыр.

VI. Қорытынды.

VII. Үйге тапсырма беру. Мақал жаттау, топтама жасау, қосымша мәлімет жинау.

VIII. Бағалау. (Бағалау парағы бойынша бірін-бірі бағалау)



Инновационный образовательный проект «Семейные ценности»

Аннотация: в статье раскрывается цель и задачи проекта «Семейные ценности», роль образовательного проекта в формировании у учащихся семейных ценностей.

Ключевые слова: семья, семейные ценности, традиции, семейные отношения.

В жизни каждого человека семья — один из главных факторов, определяющих его успешность. Вот почему одной из целей учебного заведения является формирование у учащихся семейных ценностей: терпимости, уважения, ответственности.

Сегодня перед образовательным учреждением стоит задача — актуализировать чувство сопричастности ребёнка с семьёй, родом, дать осознать правила, регулирующие взаимоотношения в семье, инициировать осознание подростками семейных ценностей и традиций.

На данный момент ученые-социологи ставят вопрос о кризисе института семьи, предсказывают даже её исчезновение. Причиной этого является отсутствие у супругов высокого уровня нравственно-этической и психолого-педагогической культуры брака. Поэтому подготовке подрастающего поколения к семейной жизни надо уделять самое пристальное внимание, так как она содержит следующие аспекты: общесоциальный, этический, правовой, психологический, педагогический, эстетический и хозяйственно-экономический.

В связи с этим в Павлодарском технологическом колледже был создан инновационный образовательный проект «Семейные ценности».

Основной целью нашего проекта является формирование представлений ценностного отношения подростков к семье, своей родословной, традициям,

духовному наследию страны.

В задачи проекта входит:

- Помочь учащимся и родителям сделать семейную жизнь богатой по содержанию, многогранной и радостной;
- Воздействовать на утверждение психологических, этических и социальных семейных ценностей;
- Повернуть родителей лицом к своим детям, предложив им конструктивную стратегию построения внутрисемейных отношений, которая позволила бы наладить взаимоотношения, сформировать правильные семейные ценности;
- Воспитать у подростков чувство «маленького хозяина», отвечающего вместе с другими домочадцами за свой дом.

В процессе реализации проекта у учащихся формируются следующие компетенции:

- личностно-ориентированные;
- общеучебные;
- сотрудничества;
- информационные;
- коммуникативные;
- поисковые.

Участниками проекта являются учащиеся 1-2 курсов.

Проект «Семейные ценности» со-



стоит из четырех основных этапов реализации:

1. Подготовительный: (январь-март 2021 г.)

- определение целей и задач;
- актуализация темы проекта;
- формирование рабочих групп;
- распределение обязанностей;
- анкетирование.

2. Исследовательский: (апрель-май 2021 г.)

- работа с литературой по данной теме;
- работа с Интернет-ресурсами;
- подбор материала для проведения эфиров.

3. Внедренческий: (июнь-ноябрь 2021 г.)

- работа с родителями и детьми;
- проведение эфиров;
- проведение внеклассных мероприятий;
- создание буклетов.

4. Аналитический: (декабрь 2021 – январь 2022 г.)

- подведение итогов с демонстрацией лучших эфиров;
- анализ проделанной работы по проекту;
- обобщение опыта работы над проектом.

Как видно из этапов реализации, наш проект рассчитан на год и предполагает выпуск ежемесячных эфиров с участием специалистов, родителей и самих учащихся.

В результате осуществления проекта в нашем колледже предполагаются следующие ожидаемые результаты:

- укрепление взаимоотношений между членами семей учащихся;
- совершенствование психологической грамотности родителей в семье;
- формирование в общественном со-

знании уважительного отношения к материнству;

- взаимопонимание родителей и детей;
- формирование семейных ценностей в семьях;
- соблюдение традиционных правил семьи.

14 июня 2021 года в колледже был проведен первый эфир под названием «Счастье жить в семье» с участием приемных родителей Кутейникова Руслана – студента 1 курса специальности «Кабельное производство». Супруги Кошкенбаевы Талгат Тленович и Айман Казыкеновна воспитывают четверых приемных детей с 2008 года. Помимо приемных детей у них есть и трое родных. Все живут большой дружной семьей.

Данный эфир был посвящен всем людям, которые не смотря ни на что дарят счастье детям, которые мечтают жить в семье. Рассматривая тему эфира мы хотели донести о важности сохранения семьи. Дать понять всем кто нас смотрит, что необходимо в жизни рассматривая приоритеты ставить на первое место семью. Ведь семья – это оберег и место, где мы чувствуем себя счастливыми! Стремится в своих семьях создавать уют, гармонию и комфорт.

Благодаря нашим эфирам проекта «Семейные ценности» у наших учащихся будет правильно формироваться мировоззрение о семейном воспитании.

Татьяна Владимировна КОЗЛОВА,
заместитель руководителя по
воспитательной работе
КГП на ПХВ «Павлодарский
технологический колледж»
г. Павлодар.



Мир человеческих отношений

Цели:

Способствовать формированию коммуникативных компетенций воспитанников;

Развитию навыков конструктивного, продуктивного общения;

Воспитанию толерантности, нравственным качествам характера;

I. Вступительное слово воспитателя.

Нравственность — это правила поведения человека, которыми он руководствуется в своей жизни. Правила эти во многом зависят от того, как человек живет, как формируется образ его мыслей, какая среда влияет на его привычки, поступки, поведение.

Человек — существо социальное, и прожить вне общества практически не может.

Хорошие взаимоотношения с людьми — это базовый инструмент, через который лежит путь к успеху и достижению жизненных целей. Все мы, люди, жаждем дружбы, любви и позитивных взаимоотношений. Чем лучше наши взаимоотношения с людьми, которые нас окружают, тем более счастливыми и продуктивными мы становимся. Это важно в любой сфере: личной, профессиональной и общественной. К примеру, если в школе установлены прекрасные отношения с одноклассниками и преподавателями, то в школу мы едем с большим желанием, и за учебу беремся с удвоенной энергией.

II. Беседа с воспитанниками

Так как же развивать взаимоотноше-

ния с окружающими? С чего начать и каким правилам следовать?

Примерные ответы воспитанников:

- Нужно уметь разбираться в людях
- Быть внимательным к людям и

уметь выслушать

- Не унижать и не высмеивать
- Поддерживать и хвалить людей
- Не перебивать
- Не навязывать свою точку зрения
- Уметь сдерживать отрицательные

эмоции

- Почаще улыбаться
- Уметь прощать
- Уметь признавать свою неправоту

и извиниться если вы неправы

(Воспитатель обобщает ответы и делает дополнения).

Вы несомненно правы.

Так же существует 5 принципов, которые являются основой любых хороших взаимоотношений.

- Доверие. Это основа всех хороших отношений. Если вы доверяете людям, с которыми ведете диалог, то можете быть откровенными и честными в своих мыслях и действиях.

- Взаимное уважение. Когда вы уважаете людей, то цените их вклад и идеи, а они ценят ваши. Работая вместе или просто общаясь, вы можете находить решения, основанные на коллективном понимании, мудрости и творчестве.

- Внимательность. Это означает брать ответственность за свои слова и действия. Те, кто внимателен, осто-



рожны и следят за тем, что говорят, не позволяют своим негативным эмоциям влиять на окружающих людей.

- Умение принять другую точку зрения. Важно не только принимать разных людей и их мнения как равные, но и приветствовать их. Не стоит слепо отвергать чужие мнения, всегда находите время проанализировать их точку зрения и понять ее на глубинном уровне.

- Открытость. Все хорошие отношения зависят от открытого, честного общения. Вы можете спросить: «А что, если человек не хочет общаться со мной на этих принципах? Неужели мне придется вести себя с ним уважительно и открыто, а он в это время будет огрызаться и конфликтовать со мной?». Да, именно так и придется поступать, пусть и не во всех случаях. Нет смысла строить отношения с откровенным хамом. Но хорошие отношения с другими всегда требуют терпения и энергии.

III. Тесты.

А сейчас давайте узнаем насколько вы приятный собеседник и умеете ли вы слушать своего собеседника.

Тест:

Приятно ли с вами общаться?

Отвечайте на вопросы «да» или «нет».

1. Вы любите больше слушать, чем говорить?

2. Вы всегда можете найти тему для разговора даже с незнакомым человеком?

3. Вы всегда внимательно слушаете собеседника?

4. Любите ли вы давать советы?

5. Если тема разговора вам неинте-

ресна, станете ли показывать это собеседнику?

6. Раздражаетесь, когда вас не слушают?

7. У вас есть собственное мнение по каждому вопросу?

8. Если тема разговора вам незнакома, станете ли ее развивать?

9. Вы любите быть центром внимания?

10. Есть ли хотя бы три предмета, по которым вы обладаете достаточно прочными знаниями?

11. Вы хороший оратор?

Если вы ответили положительно на вопросы 1, 2, 3, 6, 7, 8, 9, 10, 11, можете засчитать себе по одному баллу за каждый совпавший ответ. А теперь посчитаем.

1-3 балла. Трудно сказать, то ли вы молчун, из которого не вытянешь ни слова, то ли настолько общительны, что вас стараются избегать, но факт остается фактом: общаться с вами далеко не всегда приятно, но всегда крайне тяжело. Вам следовало бы над этим задуматься.

4-9 баллов. Вы, может быть, и не слишком общительный человек, но почти всегда внимательный и приятный собеседник, хотя можете быть и весьма рассеянным, когда не в духе, но вы не требуете в такие минуты особого внимания к вашей персоне от окружающих.

9-11 баллов. Вы, наверное, один из самых приятных в общении людей. Вряд ли друзья могут без вас обойтись. Это прекрасно. Возникает только один вопрос: вам действительно приятна все



время ваша роль или иногда вам приходится играть, как на сцене?..

Тест:

Умение слушать.

На каждый из вопросов следует дать ответы, которые оцениваются: «почти всегда» - 2 балла; «в большинстве случаев» - 4 балла; «иногда» - 6 баллов; «редко» - 8 баллов; «почти никогда» - 10 баллов.

1. Стараетесь ли вы «свернуть» беседу в тех случаях, когда ее тема (а то и собеседник) неинтересны вам?

2. Раздражают ли вас манеры вашего собеседника?

3. Может ли неудачное выражение собеседника спровоцировать вас на резкость или грубость?

4. Избегаете ли вы вступать в беседу с неизвестным или малознакомым вам человеком?

5. Имеете ли вы привычку перебивать собеседника?

